Thinking of you
Electrolux

ESL 4300RO

KK	ЫДЫС ЖУҒЫШ МАШИНА	ҚОЛДАНУ ТУРАЛЫ НҰСҚАУЛАРЫ 2
RU	ПОСУДОМОЕЧНАЯ МАШИНА	ИНСТРУКЦИЯ ПО ЭКСПЛУАТАЦИИ 17

МАЗМҰНЫ

1. ҚАУІПСІЗДІК НҰСҚАУЛАРЫ 3
2. БҰЙЫМ СИПАТТАМАСЫ 5
3. БАСҚАРУ ПАНЕЛІ 5
4. БАҒДАРЛАМАЛАР 6
5. ФУНКЦИЯЛАР 7
6. БІРІНШІ ҚОЛДАНҒАНҒА ДЕЙІН 8
7. ӘРКҮНДІК ҚОЛДАНУ 10
8. АҚЫЛ-КЕҢЕС 11
9. КҮТУ МЕНЕН ТАЗАЛАУ 12
10. АҚАУЛЫҚТЫ ТҮЗЕТУ 13
11. ТЕХНИКАЛЫҚ АҚПАРАТ 15

СІЗ ОЙЫМЫЗДА БОЛДЫҢЫЗ

Electrolux құрылғысын сатып алғаныңызға рахмет. Сіз ондаған жылдар бойғы кәсіби тәжірибе мен инновацияға сүйеніп жасалған құрылғыны таңдадыңыз. Тапқырлықтың туындысы болған, көз тартарлық бұл құрылғыны жасау барысында сіз ойымызда болдыңыз. Сондықтан, қолданған сайын тамаша нәтижеге қол жеткізе алатыныңызға сенімді болыңыз.

Electrolux әлеміне қош келдіңіз.

Біздің веб-сайтқа барып келесіні қараңыз:

Қолдануға қатысты кеңестер, кітапшалар, ақаулықты түзету, қызмет көрсету туралы ақпарат:
www.electrolux.com

Сізге барынша жақсы қызмет көрсету үшін өніміңізді мына жерге тіркеңіз:
www.electrolux.com/productregistration

Құрылғыңызға қажетті керек-жарақтарды, шығынды материалдарды және фирмалық қосалқы бөлшектерді сатып алу үшін:
www.electrolux.com/shop

ТҰТЫНУШЫҒА КӨМЕК, ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ

Фирмалық заттарды қолдануды ұсынамыз.
Қызмет көрсету орталығына хабарласқанда келесі деректердің дайын болуын қамтамасыз етіңіз. Деректерді техникалық ақпарат тақтайшасынан табуға болады. Үлгісі, Өнім нөмірі, Сериялық нөмірі

Ескерту / Абайлаңыз - Қауіпсіздік туралы маңызды мағлұмат.

Жалпы мағлұматтар менен кеңестер

Қорғаған ортаға зиян келдірмей пайдалану туралы нұсқаулар

Өндіруші ескертусіз өзгеріс енгізу құқығына ие.

1. ⚠ ҚАУІПСІЗДІК НҰСҚАУЛАРЫ

Құрылғыны орнатып іске қолданар алдында бірге жеткізілген нұсқауларды мұқият оқып шығыңыз. Құрылғыны дұрыс орнатпау мен дұрыс пайдаланбау нәтижесінде адам жарақат алса және ақаулық орын алса өндіруші жауапты емес. Нұсқаулықты келешекте қарап жүру үшін үнемі сақтап қойыңыз.

1.1 Балалар мен дәрменсіз адамдардың қауіпсіздігі

⚠ **Назарыңызда болсын!**
Тұншығып қалу, жарақат алуы немесе мүгедек болып қалу қаупі бар.

- Кембағал, сезім мүкістігі бар немесе ақылесі кем, құрылғыны қолдану тәжірибесі жоқ немесе қолдана білмейтін адамдарға, балаларға оны іске қосуға рұқсат бермеңіз. Олар осы құрылғыны өз қауіпсіздігін қамтамасыз ететін адамның нұсқауы немесе қадағалауы бойынша пайдалануға тиіс.
- Балаларға құрылғымен ойнауға рұқсат бермеңіз.
- Орам материалдарының барлығын балалардан алыс ұстаңыз.
- Жуғыш заттардың барлығын балалардан алыс ұстаңыз.
- Құрылғының есігі ашық тұрғанда, балалар мен үй жануарларын алыс ұстаңыз.

1.2 Орнату

- Орам материалдарының барлығын алыңыз.
- Бүлінген құрылғыны орнатпаңыз немесе іске қоспаңыз.
- Құрылғыны температурасы 0 °C градустан төмен жерге орнатпаңыз немесе қолданбаңыз.
- Құрылғымен бірге берілген орнату бойынша нұсқауларды орындаңыз.
- Құрылғының үсті мен жан-жағын қоршаған конструкциялардың қауіпсіз болуын қамтамасыз етіңіз.


Электртоғына қосу

⚠ **Назарыңызда болсын!**
Өрт шығу және электр қатеріне ұшырау қаупі бар.

- Құрылғыны міндетті түрде жерге тұйықтау қажет.
- Техникалық ақпарат тақтайшасындағы электр параметрлерінің электр желісіндегі параметрлерге сай келетініне көз жеткізіңіз. Сай келмесе, электршіге хабарласыңыз.
- Әрқашан дұрыс орнатылған, қатерден сақтандырылған розетканы қолданыңыз.
- Көп тармақты адаптерлер мен ұзартқыш сымдарды қолданбаңыз.
- Құрылғының ашасына және сымына зақым келтірмеңіз. Құрылғының қорек сымын ауыстыру қажет болса, оны міндетті түрде қызмет көрсету орталығы жүзеге асыруға тиіс.
- Құрылғының ашасын розеткаға тек құрылғыны орнатып болғаннан кейін ғана жалғаңыз. Орнатып болғаннан кейін ашаның қол жететін жерде тұрғанына көз жеткізіңіз.
- Құрылғыны тоқтан ажырату үшін сымынан тартпаңыз. Әрқашан ашасынан тартып суырыңыз.
- Қорек сымын немесе ашасын су қолмен ұстамаңыз.
- Бұл құрылғы E.E.C. ережелеріне сай келеді.

Суға қосу

- Су қосылымы түтіктеріне ешбір зақым келтірмеңіз.
- Құрылғыны жаңа құбырларға немесе ұзақ уақыт қолданылмаған құбырларға жалғамай тұрып, суын тазарғанша ағызыңыз.
- Құрылғыны алғаш рет қолданған кезде еш жерінен су ақпай тұрғанына көз жеткізіңіз.
- Су құятын түтік, ішіне сым өткізілген екі қабат қаптамадан тұрады және қауіпсіздік клапанымен жабдықталған.



Назарыңызда болсын!
Қатерлі кернеу.

- Егер су құятын түтік бүлінсе, ашаны дереу розеткадан суырыңыз. Су құятын түтікті ауыстыру үшін Қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.

1.3 Қолданылуы

- Бұл құрылғы үйде және сол сияқты төменде аталған жерлерде қолдануға арналған:
  - Дүкендердің, кеңселердің және басқа жұмыс орындарының қызметкерлерге арналған ас бөлмелерінде
  - Фермадағы үйлерде
  - Қонақ үйлерде, мотельдер мен басқа да тұрғынды жерлерде
  - Төсек және таңғы аспен қамтамасыз ететін жерлерде.

Назарыңызда болсын!
Жарақат алу, күйіп қалу, электр немесе өрт қаупі бар.


- Бұл құрылғының техникалық сипаттамасын өзгертпеңіз.
- Өткір ұшты пышақтар мен ас құралдарының ұштарын төмен қаратып немесе көлденеңінен қойып ас құралдарына арналған себетке салыңыз.
- Құрылғының есігі ашық тұрған кезде соғылып қалмас үшін қараусыз қалдырмаңыз.
- Ашық тұрған есікке отырмаңыз немесе үстіне шықпаңыз.
- Ыдыс жуғыш машинаға арналған жуғыш заттар қауіпті. Жуғыш заттың орамында көрсетілетін нұсқауларды орындаңыз.
- Құрылғыдағы сумен ойнауға немесе ішуге болмайды.
- Ыдыстарды бағдарлама аяқталғанша құрылғыдан алмаңыз. Ыдыстарда жуғыш зат болуы мүмкін.
- Бағдарлама орындалып тұрғанда құрылғы есігін ашсаңыз, ыстық бу шығуы мүмкін.
- Тұтанғыш заттарды немесе ішіне тұтанғыш зат салынған дымқыл заттарды құрылғының ішіне, қасына немесе үстіне қоймаңыз.
- Құрылғыны тазалау үшін сулы спрейді және буды қолданбаңыз.

1.4 Құрылғыны тастау

Назарыңызда болсын!
Жарақат алу немесе тұншығып қалу қаупі бар.

- Құрылғыны электр желісінен ажыратыңыз.
- Қуат сымын кесіп алыңыз да, қоқысқа тастаңыз.
- Балалар мен жануарлар құрылғыға қамалып қалмас үшін есіктің бекітпесін алыңыз.

2. БҰЙЫМ СИПАТТАМАСЫ



1 Үстіңгі бүріккіш түтік
2 Астыңғы бүріккіш түтік
3 Сүзгілер
4 Техникалық ақпарат тақтайшасы
5 Тұз сауыты
6 Су кермектігі тетігі
7 Шайғыш зат үлестіргіші
8 Жуғыш зат үлестіргіші
9 Ас құралдары себеті
10 Астыңғы себет
11 Үстіңгі себет


2.1 Beam-on-Floor

Beam-on-Floor - құрылғы есігінің астыңғы жағындағы еденнен көрінетін жарық.

- Бағдарлама жұмыс істей бастаған кезде, қызыл жарық пайда болады да, бағдарламаның соңына дейін жанып тұрады.
- Бағдарлама аяқталған кезде, жасыл жарық жанады.
- Құрылғыда ақаулық пайда болған кезде, қызыл жарық жыпылықтайды.

Құрылғыны сөндірген кезде **Beam-on-Floor** сөнеді.

3. БАСҚАРУ ПАНЕЛІ



1 Қосу/сөндіру түймешігі
2 Бағдарлама түймешіктері
3 **Delay** түймешігі
4 Индикатор шамдар

Индикатор шамдар	Сипаттама
3h	3 сағат индикаторы.
6h	6 сағат индикаторы.
	Multitab индикаторы.
	Тұз индикаторы. Бағдарлама жұмыс істеп тұрған кезде бұл индикатор үнемі сөніп тұрады.
	Шайғыш зат индикаторы. Бағдарлама жұмыс істеп тұрған кезде бұл индикатор үнемі сөніп тұрады.
→|	Аяқтау индикаторы.

4. БАҒДАРЛАМАЛАР

Бағдарлама 1)	Ластану дәрежесі Кірдің түрі	Бағдарлама циклдар	Ұзақтық (мин)	Қуат (кВт)	Су (л)
ECO 2)	Қалыпты ластанған Фарфор ыдыс-аяқ пен ас құралдары	Алғашқы жуу Жуу 50 °C Шаю циклдары Құрғату	172	0.79	8.5
AUTO 3)	Барлығы Фарфор ыдыс, ас құралдары, кәстрөлдер мен табалар	Алғашқы жуу Жуу 45 °C градустан 70 °C дейін Шаю циклдары Құрғату	40 - 150	0.5 - 1.2	6 - 11
4)	Қатты ластанған Фарфор ыдыс, ас құралдары, кәстрөлдер мен табалар	Алғашқы жуу Жуу 70 °C Шаю циклдары Құрғату	130 - 150	1.1 - 1.2	10 - 11
30′ 5)	Жаңа ластанған Фарфор ыдыс-аяқ пен ас құралдары	Жуу 60 °C Шаю	30	0.8	7
6)	Барлығы	Алғашқы жуу	14	0.1	4

1) Мәндерді судың қысымы мен температурасы, электр қуатының ауытқуы, параметрлер және ыдыс-аяқтың мөлшері өзгертуі мүмкін.

2) Осы бағдарламаны қолданып, қалыпты кірлеген фарфор ыдыс-аяқ пен ас құралдарын жуғанда, су мен қуат барынша тиімді жұмсалады. (Бұл сынақ мекемелеріне арналған стандартты бағдарлама).

3) Құрылғы себеттердегі заттардың қаншалықты ластанғанын және заттардың санын анықтай алады. Ол судың температурасы мен мөлшерін, қуаттың тұтынылу шамасы мен бағдарлама уақытын автоматты түрде реттейді.

4) Бұл бағдарламаның жуу нәтижесін жақсартуға арналған жоғары температурада шаю циклы бар. Шаю циклі кезінде температура кем дегенде 10 минут 70 °C градуста тұрады.

5) Осы бағдарламамен жаңа ластанған ыдыстарды жууға болады. Бұл қысқа уақыт ішінде жақсы нәтиже береді.

6) Бұл бағдарламаны ыдыстарды жылдам шаю үшін қолданыңыз. Бұл қалдықтардың ыдыстарға жабысып, құрылғыдан жағымсыз иіс шығуына жол бермейді.
Бұл бағдарламаны қолданғанда, жуғыш заттарды пайдаланбаңыз.

Сынақ институттарына арналған ақпарат
Сынақ өткізуге қажетті ақпараттар туралы хабарларды мына эл.поштаға жолдаңыз.
info.test@dishwasher-production.com
Техникалық ақпарат тақтайшасындағы құрылғының нөмірін (PNC) жазып қойыңыз.

5. ФУНКЦИЯЛАР

Multitab функциясын бағдарламаны орнатуға кіріспей тұрып іске қосыңыз. Бағдарлама жұмыс істеп тұрған кезде функцияны іске қоса алмайсыз.

5.1 Multitab

Бұл параметрді аралас жуғыш таблеткаларды қолданғанда ғана іске қосыңыз.
Бұл параметр шайғыш зат пен тұзды ағызбай тоқтатады. Тиісті индикаторлар сөніп тұрады. Бағдарламаның уақыты ұзарады.

Multitab функциясын іске қосу

1. Құрылғыны іске қосу үшін қосу/сөндіру түймешігін басыңыз.
2. Reset функциясын орындаңыз.
3. 30′ және түймешіктерін Multitab индикаторы жанғанша қатар басып ұстап тұрыңыз.

Егер аралас таблетканы қолдануды тоқтатсаңыз, жуғыш зат, шайғыш зат мен ыдыс жуғыш тұзды жеке-жеке қолданар алдында мына қадамдарды орындаңыз:

1. Су жұмсартқышты ең үлкен мәнге қойыңыз.
2. Тұз сауыты мен шайғыш зат үлестіргішінің толы екеніне көз жеткізіңіз.
3. Шаю циклы бар ең қысқа жуу бағдарламасын, жуғыш зат қолданбай және ыдыс салмай орындаңыз.
4. Су жұмсартқышты өзіңіз тұратын жердегі судың кермектігіне лайықтап қойыңыз.
5. Шайғыш заттың қосылатын мөлшерін реттеңіз.

5.2 Дыбыстық сигналдар

Құрылғыда ақау пайда болған кезде немесе су жұмсартқыштың деңгейін реттеген кезде дыбыстық сигнал естіледі. Бұл дыбыстық сигналдарды өшіріп қоюға болады.
Бағдарлама аяқталған кезде де дыбыстық сигнал естіледі. Әдетте бұл дыбыстық сигнал сөніп тұрады, бірақ оны қосуға болады.

Бағдарлама аяқталған кезде естілетін дыбыстық сигналды қалай қосуға болады

1. Құрылғыны іске қосу үшін қосу/сөндіру түймешігін басыңыз.
2. Reset функциясын орындаңыз.
3. AUTO және түймешіктерін ECO, AUTO және индикаторлары жыпылықтай бастағанша бірге басып ұстап тұрыңыз.
4. түймешігін басыңыз.
   - ECO және AUTO индикаторлары сөнеді.
   - индикаторы жыпылықтауын жалғастырады.

- Аяқтау индикаторы сөндірулі.

5. түймешігін басыңыз. "Соңы" индикаторы жанады. Бағдарламаны аяқтау дыбыстық сигналы естіледі.
6. Құрылғыны сөндіру және параметрді растау үшін қосу/сөндіру түймешігін басыңыз.

Бағдарлама аяқталған кезде естілетін дыбыстық сигналды қалай сөндіруге болады

1. "Бағдарлама аяқталған кезде естілетін дыбыстық сигналды қосу" тарауын қараңыз да, (1)-(3) қадамдарын орындаңыз.
2. түймешігін басыңыз.
- ECO және AUTO индикаторлары сөнеді.
- индикаторы жыпылықтауын жалғастырады.
- "Соңы" индикаторы жанады.

3. түймешігін басыңыз. Аяқтау индикаторы сөнеді. Бағдарламаны аяқтау дыбыстық сигналы ажырайды.
4. Құрылғыны сөндіру және параметрді растау үшін қосу/сөндіру түймешігін басыңыз.

6. БІРІНШІ ҚОЛДАНҒАНҒА ДЕЙІН

1. Су жұмсартқыштың қойылған деңгейі тұратын жеріңіздегі судың кермектігіне сай келетініне көз жеткізіңіз. Сай келмесе, су жұмсартқыштың деңгейін реттеңіз. Тұратын жеріңіздегі судың кермектігін, жергілікті сумен жабдықтау мекемесіне хабарласып біліңіз.
2. Тұз сауытын толтырыңыз.
3. Шайғыш зат үлестіргішін толтырыңыз.
4. Су құятын шүмекті ашыңыз.
5. Құрылғыда өндіру үрдісінің қалдықтары қалуы мүмкін. Оларды тазалау үшін бағдарламаны бастаңыз. Жуғыш затты қолданбаңыз және себеттерді толтырмаңыз.

6.1 Су жұмсартқышты реттеу

Су қысымы				Су жұмсартқыш реттеу	
Германия градусы (°dH)	Франция градусы (°fH)	ммоль/л	Кларк градусы	Қолдан	Электрондытәсілмен
51 - 70	91 - 125	9.1 - 12.5	64 - 88	2 1)	10
43 - 50	76 - 90	7.6 - 9.0	53 - 63	2 1)	9
37 - 42	65 - 75	6.5 - 7.5	46 - 52	2 1)	8
29 - 36	51 - 64	5.1 - 6.4	36 - 45	2 1)	7
23 - 28	40 - 50	4.0 - 5.0	28 - 35	2 1)	6
19 - 22	33 - 39	3.3 - 3.9	23 - 27	2 1)	5 1)
15 - 18	26 - 32	2.6 - 3.2	18 - 22	1	4
11 - 14	19 - 25	1.9 - 2.5	13 - 17	1	3
4 - 10	7 - 18	0.7 - 1.8	5 - 12	1	2


Су қысымы				Су жұмсартқыш реттеу	
Германия градусы (°dH)	Франция градусы (°fH)	ммоль/л	Кларк градусы	Қолдан	Электронды тәсілмен
< 4	< 7	< 0.7	< 5	1 2)	1 2)

1) Зауытта орнатылған параметр.

2) Тұзды осы деңгейге қойып қолданбаңыз.

Су жұмсартқышты қолмен және электрондық тәсілмен реттеу қажет.

Қолмен реттеу




Су кермектігі дискісін 1-ші немесе 2-ші орынға бұраңыз.

6.2 Электондық жолмен реттеу

1. Құрылғыны іске қосу үшін қосу/сөндіру түймешігін басыңыз.
2. Reset функциясын орындаңыз.
3. AUTO және түймешіктерін ECO, AUTO және индикаторлары жыпылықтай бастағанша бірге басып ұстап тұрыңыз.
4. ECO түймешігін басыңыз.
   - AUTO және индикаторлары сөнеді.
   - ECO индикаторы жыпылықтауын жалғастырады.
   - Дыбыстық сигналдар ара-тұра естілсе, аяқтау индикаторы ара-тұра жыпылықтаса, ағымдық орнатылған деңгейді көрсетеді.
     – Мысалы, 5 дыбыстық сигнал және 5 рет жыпылықтау + үзіліс + 5 дыбыстық сигнал және 5 рет жыпылықтау = 5-ші деңгей.
5. Параметрді өзгерту үшін ECO түймешігін қайта-қайта басыңыз. ECO түймешігін басқан сайын деңгейдің нөмірі көбейеді.
6. Құрылғыны сөндіру және параметрді растау үшін қосу/сөндіру түймешігін басыңыз.

6.3 Шайғыш зат үлестіргішін толтыру




1. (**D**) босату түймешігін басып, қақпақты (**C**) ашыңыз.
2. Шайғыш зат үлестіргішін (**A**) толтырыңыз, 'max' деңгейінен асырмаңыз.
3. Төгіліп қалған шайғыш зат қатты көпіршімес үшін сіңіргіш шүберекпен тазалаңыз.
4. Қақпақшаны жабыңыз. Босату түймешігінің бекіту қалпына қойылғанына көз жеткізіңіз.

Үлестіру мөлшерін реттеу тетігін (**B**) 1 (ең аз мөлшер) және 4 (ең көп мөлшер) аралығына қоюға болады.

7. ӘРКҮНДІК ҚОЛДАНУ

1. Су құятын шүмекті ашыңыз.
2. Құрылғыны іске қосу үшін қосу/сөндіру түймешігін басыңыз.
   - Тұз индикаторы қосулы тұрса, тұз сауытын толтырыңыз.
   - Шайғыш зат индикаторы қосулы тұрса, шайғыш зат үлестіргішін толтырыңыз.
3. Себеттерді толтырыңыз.
4. Жуғыш заттан қосыңыз.
   - Егер аралас жуғыш таблеткаларды қолдансаңыз, Multitab функциясын қосыңыз.
5. Бағдарламаны салынған заттар мен олардың ластану деңгейіне қарай дұрыс орнатыңыз да, іске қосыңыз.

7.1 Жуғыш затты қолдану



1. (**B**) босату түймешігін басып, қақпақты (**C**) ашыңыз.
2. Жуғыш затты (**A**) бөлігіне салыңыз.
3. Бағдарламаның алдын ала жуу циклы болса, құрылғы есігінің ішкі бөліміне жуғыш заттан аздап салыңыз.
4. Жуғыш таблеткаларды қолдансаңыз, оларды жуғыш зат үлестіргішіне (**A**) салыңыз.
5. Қақпақшаны жабыңыз. Босату түймешігінің бекіту қалпына қойылғанына көз жеткізіңіз.

7.2 Бағдарламаны орнату және бастау

Auto Off функциясы

Бұл функция пайдаланылатын қуат мөлшерін азайту үшін, құрылғыны келесі жағдайларда бірнеше минуттан кейін автоматты түрде сөндіреді:

- Бағдарламаны бастау үшін есікті жаппасаңыз.
- Бағдарлама аяқталғанда.

Reset функциясы

Құрылғы кей параметрлер үшін пайдаланушы баптайтын режимде тұруға тиіс.
Құрылғыны пайдаланушы режиміне ауыстыру үшін Reset функциясын орындаңыз.

1. AUTO және ECO түймешіктерін индикаторы жанғанша қатар басып ұстап тұрыңыз.

Кешіктіріп бастау функциясы жоқ бағдарламаны бастау

1. Су құятын шүмекті ашыңыз.
2. Құрылғыны іске қосу үшін қосу/сөндіру түймешігін басыңыз.
3. Орнатқыңыз келген бағдарламаның түймешігін басыңыз. Тиісті бағдарламаның индикаторы жанады.
4. Құрылғы есігін жабыңыз. Бағдарлама басталады.

Кешіктіріп бастау функциясы бар бағдарламаны бастау

1. Бағдарламаны орнатыңыз.
2. Орнатқыңыз келген сағат мәнінің индикаторы көрсетілгенше **Delay** түймешігін қайта-қайта басыңыз (3 немесе 6).
   - Delay индикаторы жанады.
3. Құрылғы есігін жабыңыз. Кері санақ басталады.

- Кері санақ аяқталған кезде, бағдарлама басталады.

Құрылғы жұмыс істеп тұрған кезде есікті ашу

Есікті ашсаңыз, құрылғы тоқтайды. Есікті жапқаннан кейін, құрылғы тоқтаған жерінен бастап жұмыс істейді.

Кері санақ жұмыс істеп тұрған кезде кешіктіріп бастау функциясын біржола тоқтату

Reset функциясын орындаңыз.

Кешіктіріп бастау функциясын біржола тоқтатқан кезде бағдарламаны қайта орнату керек.

Бағдарламаны біржола тоқтату

Reset функциясын орындаңыз.

Жаңа бағдарламаны бастар алдында, жуғыш зат үлестіргіште жуғыш заттың бар екеніне көз жеткізіңіз.

Бағдарламаның соңы

Бағдарлама аяқталған кезде "соңы" индикаторы жанады.

1. Қосу/сөндіру түймешігін басыңыз немесе Auto Off функциясының құрылғыны автоматты түрде сөндіруін күтіңіз.
2. Судың шүмегін жабыңыз.

Маңызды

- Ыдыс-аяқтарды құрылғыдан суығаннан кейін ғана алыңыз. Ыстық ыдыстар осал келеді.
- Алдымен астыңғы себеттегі, содан кейін үстіңгі себеттегі ыдысты алыңыз.
- Құрылғының қабырғалары мен есігіне су тұруы мүмкін. Тот баспайтын болат, ыдыс-аяққа қарағанда тез салқындайды.

8. АҚЫЛ-КЕҢЕС

8.1 Су жұмсартқыш

Кермек судың құрамында құрылғыға нұқсан келтіруі және жуу нәтижесіне жаман әсер етуі мүмкін минералдар өте көп мөлшерде кездеседі. Су жұмсартқыш бұл минералдарды бейтарап етеді.
Ыдыс жуғыш машинаға арналған тұз су жұмсартқышты таза, жақсы қалыпта ұстайды. Су жұмсартқыштың дұрыс деңгейін орнатқан маңызды. Бұл су жұмсартқыштың ыдыс

жуғыш машина тұзы мен суды дұрыс мөлшерде қолдануын қамтамасыз етеді.

8.2 Тұз, шайғыш зат және жуғыш затты пайдалану

- Тек ыдыс жуғыш машинаға арналған тұзды, шайғыш және жуғыш затты пайдаланыңыз. Басқа өнімдер құрылғыға нұқсан келтіруі мүмкін.
- Соңғы шаю циклі кезінде шайғыш зат ыдыстарға ешбір жолақ, дақ қалдырмай құрғатуға көмектеседі.
- Аралас жуғыш таблеткалардың құрамында жуғыш зат, шайғыш зат және басқа қоспалар бар. Бұл заттардың тұратын жеріңіздегі судың кермектігіне сай келетініне көз жеткізіңіз. Өнімдердің орамындағы нұсқауларды қараңыз.

  Егер осы таблеткаларды судың басқа кермектігі үшін пайдаланғыңыз келсе, ыдыс жуғыш машина тұзын да пайдалану керек. Әуелі Multitab функциясын іске қосыңыз, содан кейін су жұмсартқышты өз аймағыңыздағы судың кермектігіне лайықтап орнатыңыз да, ыдыс жуғыш тұзын пайдаланыңыз.
- Жуғыш таблеткалар қысқа бағдарламаларда әбден ерімейді. Жуғыш заттардың қалдықтары ыдыстарға тұрып қалмас үшін жуғыш таблеткаларды пайдаланғанда ұзақ бағдарламаларды қолдануды ұсынамыз.

Жуғыш затты қажетті мөлшерден артық пайдаланбаңыз. Жуғыш заттың орамындағы нұсқауларды қараңыз.

8.3 Себеттерді толтыру

Себеттерді толтыру мысалдары көрсетілген парақшаны қараңыз.

- Құрылғыны ыдыс жуғыш машинада жууға болатын заттарды жуу үшін ғана қолданыңыз.
- Ағаш, мүйіз, алюминий, қалайы және мыстан жасалған заттарды құрылғыға салмаңыз.
- Құрылғыға су сіңіретін заттарды (жөке, ас үй шүберектері) салмаңыз.
- Заттарға жабысқан тағам қалдықтарын алыңыз.
- Күйіп жабысып қалған тағамды оңай тазалау үшін көстрөлдер мен табаларды құрылғыға салмай тұрып, суға салып жібітіңіз.
- Шұңғыл ыдыстардың (мысалы, кесе, стакан және көстрөл) аузын төмен қаратып салыңыз.
- Ас құралдары мен ыдыс-аяқты араласып кетпейтін етіп салыңыз. Қасықтарды басқа ас құралдарымен араластырып салыңыз.
- Стакандарды бір-біріне тигізбей салыңыз.
- Кішкене заттарды ас құралдары себетіне салыңыз.
- Жеңіл заттарды үстіңгі себетке салыңыз. Заттарды жылжып кетпейтін етіп салыңыз.
- Бағдарламаны бастамай тұрып, бүріккіш түтіктердің еркін айнала алатынына көз жеткізіңіз.

8.4 Бағдарламаны бастау алдында

Мынаны өскеріңіз:


- Сүзгілердің таза екенін және орнатылып тұрғанын.
- Бүріккіш түтіктердің бітеліп қалмағанын.
- Заттардың себеттерге дұрыс салынғанын.
- Бағдарламаның салынған ыдыстың түріне және ластану дәрежесіне сай екенін.
- Жуғыш зат дұрыс мөлшерде қолданылғанын.
- Кір жуғыш машина тұзы бен шайғыш заттың (егер аралас жуғыш таблетканы қолданбасаңыз) бар екенін.
- Тұз сауытының қақпағының мықтап жабылғанын.

9. КҮТУ МЕНЕН ТАЗАЛАУ


Назарыңызда болсын!
Құрылғыны жөндеу алдында электр желісінен ағытып, ашасын розеткадан суырыңыз.

Қоқыс тұрған сүзгілер мен бүріккіш түтіктер жуу нәтижесін төмендетеді. Уақытылы тексеріп, қажет болса тазалаңыз.


9.1 Сүзгілерді тазалау



1. Сүзгіні (**A**) сағат тілінің бағытына қарсы бұрап алыңыз.



2. (**A**) сүзгісін бөлу үшін, (**A1**) және (**A2**) бөліктерін ажыратыңыз.
3. (**B**) сүзгісін алыңыз.
4. Сүзгілерді сумен жуыңыз.
5. (**B**) сүзгісін әдепкі орнына салыңыз. Сүзгінің екі бағыттағыштың (**C**) астына дұрыс кірігіп орналасқанына көз жеткізіңіз.



6. (**A**) сүзгісін құрастырып, (**B**) сүзгісіндегі орнына қойыңыз. Сырт етіп орнына түскенше сағат тілінің бағытымен бұраңыз.

Сүзгілер дұрыс салынбаса, жуу нәтижесі қанағаттанғысыз болуы және құрылғыға нұқсан келуі мүмкін.

9.2 Бүріккіш түтіктерді тазалау

Бүріккіш түтіктерді ағытып алмаңыз. Бүріккіш түтіктердің тесіктері бітеліп қалса, қалдықтарды жіңішке шырпымен тазалаңыз.

Тек бейтарап тазартқыш заттарды қолданыңыз. Жеміргіш заттарды, түрпілі жөкені немесе еріткіштерді пайдаланбаңыз.

9.3 Сыртын тазалау

Құрылғыны дымқыл, жұмсақ шүберекпен тазалаңыз.

10. АҚАУЛЫҚТЫ ТҮЗЕТУ

Құрылғы жұмысын бастамай жатыр немесе жұмыс жасап тұрған кезде тоқтап қалады. Қызмет көрсету орталығына хабарласпай тұрып, ақаулықты шешуге қатысты ұсыныстарды орындаңыз.

Кей ақаулықтарда түрлі индикаторлар үздіксіз немесе ара-тұра жыпылықтап, сонымен қатар ескерту кодын көрсетеді.

Ескерту коды	Ақаулық
• Орнатылған бағдарламаның индикаторы үдіксіз жыпылықтайды. • "Соңы" индикаторы 1 рет жыпылықтайды.	Құрылғыға су құйылмай тұр.
• Орнатылған бағдарламаның индикаторы үдіксіз жыпылықтайды. • "Соңы" индикаторы 2 рет жыпылықтайды.	Құрылғыдан су ақпайды.
• Орнатылған бағдарламаның индикаторы үдіксіз жыпылықтайды. • "Соңы" индикаторы 3 рет ара-тұра жыпылықтайды.	Тасқынға қарсы құрал қосулы.

Назарыңызда болсын!
Тексеріп көру алдында құрылғыны тоқтан ажыратыңыз.

Ақаулық	Ықтимал шешімі
Құрылғыны іске қоса алмасаңыз.	Ашаның розеткаға қосылғанына көз жеткізіңіз.
	Сақтандырғыш қорабындағы сақтандырғышқа зақым келмегеніне көз жеткізіңіз.
Бағдарлама басталмай тұр.	Құрылғы есігінің жабық тұрғанына көз жеткізіңіз.
	Егер кешіктіріп бастау функциясы орнатылып тұрса, оны ажыратыңыз немесе кері санақ аяқталғанша күтіңіз.
Құрылғыға су құйылмай тұр.	Су шүмегінің ашық тұрғанына көз жеткізіңіз.
	Сумен жабдықтау жүйесіндегі судың қысымының өте төмен емес екеніне көз жеткізіңіз. Бұл ақпаратты жергілікті су ресурстары мекемесіне хабарласып алыңыз.
	Су шүмегінің бітеліп қалмағанына көз жеткізіңіз.
	Су құятын түтіктің сүзгісінің бітеліп қалмағанына көз жеткізіңіз.
	Су құятын түтіктің бұратылып немесе майысып қалмағанына көз жеткізіңіз.
Құрылғыдан су ақпайды.	Раковина түтікшесінің бітеліп қалмағанына көз жеткізіңіз.
	Су төгетін түтіктің бұратылып немесе майысып қалмағанына көз жеткізіңіз.
Тасқынға қарсы құрал қосулы.	Судың шүмегін жабыңыз да, қызмет көрсету орталығына хаарласыңыз.

Тексеріп болғаннан кейін құрылғыны іске қосыңыз. Бағдарлама үзілген жерінен бастап жалғасады.
Ақаулық қайта орын алса, қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.

Басқа ақаулық кодтары көрініс берсе, қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.

10.1 Егер жуу және құрғату нәтижелері қанағаттанарлықтай болмаса

Стакандар мен ыдыстарда ақ жолақтар немесе көк дақтар пайда болған.

- Шайғыш зат тым көп мөлшерде қосылады. Шайғыш затты үлестіру мөлшерін ең төменгі деңгейге қойыңыз.
- Жуғыш зат тым көп мөлшерде салынған.

Стакандар мен ыдыстарда дақтар және кепкен су тамшыларының ізі қалған.

- Шайғыш зат жеткіліксіз мөлшерде үлестірілген. Шайғыш затты үлестіру мөлшерін ең жоғары деңгейге қойыңыз.
- Бұл жуғыш заттың сапасына байланысты болуы мүмкін.

Ыдыстар су болып тұр

- Кептіру циклы жоқ немесе төмен температурада кептіру циклы бар бағдарлама таңдалған.
- Шайғыш зат үлестіргіші босап қалған.
- Бұл шайғыш заттың сапасына байланысты болуы мүмкін.
- Бұл аралас жуғыш таблеткалардың сапасына байланысты болуы мүмкін. Басқа түрін қолданыңыз немесе шайғыш зат үлестіргішті қосып, шайғыш зат пен аралас жуғыш таблеткаларды бірге пайдаланыңыз.

Басқа ықтимал себептерді "АҚЫЛ-КЕҢЕС" тарауынан қараңыз.

10.2 Шайғыш зат үлестіргішін іске қосу

Multitab функциясы іске қосылған кезде ғана шайғыш зат үлестіргішін қосуға болады.

1. Құрылғыны іске қосу үшін қосу/сөндіру түймешігін басыңыз.
2. Reset функциясын орындаңыз.
3. AUTO және түймешіктерін ECO, AUTO және индикаторлары жыпылықтай бастағанша бірге басып ұстап тұрыңыз.
4. AUTO түймешігін басыңыз.
   - ECO және индикаторлары сөнеді.
   - AUTO индикаторы жыпылықтауын жалғастырады.
   - Аяқтау индикаторы сөндірулі.
5. AUTO түймешігін басыңыз. "Соңы" индикаторы жанады. Шайғыш зат үлестіргіші қосулы.
6. Құрылғыны сөндіру және параметрді растау үшін қосу/сөндіру түймешігін басыңыз.
7. Шайғыш заттың қосылатын мөлшерін реттеңіз.
8. Шайғыш зат үлестіргішін толтырыңыз.

11. ТЕХНИКАЛЫҚ АҚПАРАТ

Өлшемдері	Ені / Биіктігі / Тереңдігі (мм)	446 / 818 - 898 / 550
Электртоғына қосу	Техникалық ақпарат тақтайшасына қараңыз.	
	Кернеу	220-240 В
	Жиілік	50 Гц
Сумен жабдықтау қысымы	Ең аз / ең көп (бар / мПа)	(0.5 / 0.05) / (8 / 0.8)
Сумен жабдықтау 1)	Суық су немесе ыстық су2)	макс. 60 °C
Сыйымдылығы	Орналастыру параметрлері	9
Қуат тұтынуы	Қосылған қалпы қалдыру режимінде	0.10 Вт
	Сөндірулі режимде	0.10 Вт

1) Су құятын түтікті 3/4" бұрамасы бар су шүмегіне жалғаңыз.

2) Егер ыстық су басқа қуат көздерінен (мысалы, күн батареясы, желдің қуаты) алынса, тұтыну қуатын азайту үшін ыстық суды қолданыңыз.

12. ҚОРШАҒАН ОРТАҒА ЗИЯН КЕЛДІРМЕУ ТУРАЛЫ МАҒЛҰМАТТАР

Белгі салынған материалдарды қайта өңдеуден өткізуге тапсырыңыз. Орам материалдарын қайта өңдеуден өткізу үшін тиісті контейнерлерге салыңыз. Электрлік және электроникалық құрылғылардың қалдығын қайта өңдеуден өткізу арқылы, қоршаған ортаға және адамның денсаулығына зиын келтіретін жағдайларға жол бермеуге өз үлесіңізді қосыңыз. Белгі салынған құрылғыларды тұрмыстық қалдықтармен бірге тастамаңыз. Өнімді жергілікті қайта өңдеу орталығына өткізіңіз немесе жергілікті мекемеге хабарласыңыз.

СОДЕРЖАНИЕ

1. УКАЗАНИЯ ПО БЕЗОПАСНОСТИ 18
2. ОПИСАНИЕ ИЗДЕЛИЯ 20
3. ПАНЕЛЬ УПРАВЛЕНИЯ 20
4. ПРОГРАММЫ 21
5. РЕЖИМЫ 22
6. ПЕРЕД ПЕРВЫМ ИСПОЛЬЗОВАНИЕМ 23
7. ЕЖЕДНЕВНОЕ ИСПОЛЬЗОВАНИЕ 25
8. УКАЗАНИЯ И РЕКОМЕНДАЦИИ 26
9. УХОД И ОЧИСТКА 28
10. ПОИСК И УСТРАНЕНИЕ НЕИСПРАВНОСТЕЙ 29
11. ТЕХНИЧЕСКИЕ ДАННЫЕ 30

МЫ ДУМАЕМ О ВАС

Благодарим Вас за приобретение прибора Electrolux. Вы выбрали изделие, за которым стоят десятилетия профессионального опыта и инноваций. Уникальное и стильное, оно создавалось с заботой о Вас. Поэтому когда бы Вы ни воспользовались им, Вы можете быть уверены: результаты всегда будут превосходными.

Добро пожаловать в Electrolux!

На нашем веб-сайте Вы сможете:

Найти рекомендации по использованию изделий, руководства по эксплуатации, мастер устранения неисправностей, информацию о техническом обслуживании:
www.electrolux.com

Зарегистрировать свое изделия для улучшения обслуживания:
www.electrolux.com/productregistration

Приобрести дополнительные принадлежности, расходные материалы и фирменные запасные части для своего прибора:
www.electrolux.com/shop

ПОДДЕРЖКА ПОТРЕБИТЕЛЕЙ И СЕРВИСНОЕ ОБСЛУЖИВАНИЕ

Мы рекомендуем использовать оригинальные запчасти.
При обращении в сервис-центр следует иметь под рукой следующую информацию.
Данная информация находится на табличке с техническими данными. Модель, код изделия (PNC), серийный номер.

Внимание / Важные сведения по технике безопасности.

Общая информация и рекомендации

Информация по защите окружающей среды

Право на изменения сохраняется.

1. ⚠ УКАЗАНИЯ ПО БЕЗОПАСНОСТИ

Перед установкой и эксплуатацией прибора внимательно ознакомьтесь с приложенным руководством. Производитель не несет ответственности за травмы и повреждения, полученные/вызванные неправильной установкой и эксплуатацией. Позаботьтесь о том, чтобы данное руководство было у Вас под рукой на протяжении всего срока службы прибора.

1.1 Безопасность детей и лиц с ограниченными возможностями

⚠ **ВНИМАНИЕ!**
Существует риск удушья, получения травм или стойких нарушений нетрудоспособности.

- Не допускайте лиц, включая детей, с ограниченной чувствительностью, умственными способностями или не обладающих необходимыми знаниями, к эксплуатации прибора. Они должны находиться под присмотром или получить инструкции от лица, ответственного за их безопасность.
- Не позволяйте детям играть с прибором.
- Храните все упаковочные материалы вне досягаемости детей.
- Храните все средства для стирки вне досягаемости детей.
- Не подпускайте детей и домашних животных к прибору, когда его дверца открыта.

1.2 Установка

- Удалите всю упаковку.
- Не устанавливайте и не подключайте прибор, если он имеет повреждения.
- Не устанавливайте и не эксплуатируйте прибор в помещениях с температурой ниже 0°C.
- Следуйте приложенным к прибору инструкциям по его установке.
